

«Мен елімнің патриотымын»

Тақырыбы: «Мен елімнің патриотымын»

Мақсаты: Балаларға 1 - қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету

Көрнекіліктері Қазақстан Республикасының рәміздері, суреттер.

Әдіс - тәсілдер: көрнекілік, сөздік, сұрақ - жауап.

Қызмет кезеңі	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушылық.	Шаттық шеңбер; Арайлап таң атты , Күн шапағы шашылды. Сәлеметсіздерме, балалар, Саламатсыздарме. ұстаздар!	Балалар орындарынан тұрып жарты шеңбер құрады. Қимылмен жасайды
Ұйымдастыру - іздестіру.	-Балалар,қазір жылдың қай мезгілі? - Қазір жылдың күз мезгілі. -Күз мезгілінде неше ай бар? -Күз мезгілінде үш ай бар. -Қане атайықшы қандай-қандай? -Қыркүйек, Казан, Қараша. -Күз мезгілінің ерекшеліктері қандай? -Күз мезгілінде күн салқын болады, жапырақтар сарғайып түседі. -Күз мезгілінде қандай мереке бар? - Білім күні. -Жарайсындар балалар.Қарттар күні бар. Және осы күз мезгілінде болатын тағы бір мереке ұстаздар күні. Біздің бүгінгі ашық оқу қызметіміздің тақырыбы осы мерекеге арналған «Ұлағатты-ұстаз» деп аталады. Балалар, ұстаз дегеніміз кім? Сендер оны қалай түсінесіңдер? -Ұстаз біздің екінші анамыз бізге білім. тәрбие береді. - Дұрыс, айтасындар балалар барлық маман иелері осы ұстаздың алдынан өткен. Балалар, ұстаздар	Балалар мұқият тындап, назарларын суретке аударады

	туралы қандай жыр шумақтар білеміз? Қане, еске түсірейікші. Кім айтады? Назерке: Ұстазым менің Ұстазым Анашыма ұқсадың Күлімсірей қарап көзіме Қағаз, қалам ұстаттың Нұрсая: Ұстаз, ана болды ол Әрқашан да біздерге Бар балаға берді ол Қуанышпен өнеге. Жомарт: Білімнің кәусар бұлағын, Жүресің құйып санама Біз үшін сенсің, мұғалім, Ұстаз да, ғалым, дана да.. Сұңқар: Қолыма қалам ұстатып, Білім берген ұстазым. А мен Б-ны үйретіп, Сусындатқан ұстазым. Ерасыл: Келгенімде алдына Қызыл-жасыл гүл алып, Жақын тарттың жаныңа, "Шәкіртім" деп қуанып. Бекасыл: Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық қылған жалықпас, Үйретуден балаға. -Жарайсыңдар балалар. Шығармашылық жұмыс: 1-топ: «Әдемі гүл», 2-топ: Жапырақтардың көленкесін табу. 3-топ: Сергіту: Оң қолымда білезік, Сол қолымда білезік, Саусағымда сақина Санап көрші кәнекей, Бір, екі, үш (2 рет) Демаламыз жинап күш.	Қимылмен көрсетеді. Қолдарын кеуделеріне қойып әнұранды орындайды – Қазақстан Республикасын әнұранын орындадық.
--	--	--

Рефлекс иялық түзетуші лік	Қазақстан Республикасы біздің сүйікті Отанымыз! Қазақстан - өте үлкен, бай республика. «Жері байдың елі бай». Балаларды мадақтау	Тәрбие сағатын қорытындылау
---	---	------------------------------------

Күтілетін нәтижелер:

Біледі: Қазақстан Республикасының рәміздерін.

Игереді: Қазақстан Республикасы туралы түсініктерін игерту

Меңгереді: Тату-тәтті өмір сүруге, еліміздің нышандарын құрметтеуге міндетті екенін меңгереді.

